

"2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 1184 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет мынадай көлемде атқарылуға қабылдансын, оның ішінде 2009 жылға:

1) кірістер - 2768742908 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер - 1381278646 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 89630415 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 5458048 мың теңге;

трансферттердің түсімдері - 1292375799 мың теңге;

2) шығындар - 3178048422 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - 18736401 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 46201969 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 27465568 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 145583080 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 147083080 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 1500000 мың теңге;

5) тапшылық - -573 624 995 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өніміне 3,5 пайыз;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 573 624 995 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.24 N 389, 2009.04.14

N 515, 2009.11.19 N 1894 Қаулыларымен.

2. Қоса беріліп отырған:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері мен кредит есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес (қызмет бабында пайдалану үшін) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бюджеттік инвестициялық жобаларының тізбесі бекітілсін.

3. Мыналар:

1) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

2) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

3) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

4) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

5) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

6) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медициналық-әлеуметтік мекемелерде күндіз емделу бөлімшелері желісін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

7) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

8) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

9) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

10) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

11) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және Астана қаласының көшелерін күрделі және орташа жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

12) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.11.19 N 1894 Қаулысымен.**

13) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұқым шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

14) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

15) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын арзандатуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

16) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

17) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

18) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызу және өсіруді қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

19) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

20) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

21) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

22) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға; бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде

лингвфондық және мультимедиалық кабинеттер құруға;
мемлекеттік білім беру жүйесінде оқытудың жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

23) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіптік лицейлер үшін шетелдік ағылшын тілі оқытушыларын тартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

24) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға:

жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

25) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқытындардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

26) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы беріліп отырған функцияларды іске асыруға ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

27) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу;

28) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу;

29) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұрғын үй

құрылысы үшін нөлдік сыйақы (мүдде) ставкасы бойынша тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға берілетін бюджеттік кредиттердің сомасын бөлу;

30) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін беруге байланысты облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттердің түсімдерін бөлу;

31) 32-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу ;

32) 32-2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві сомасын б ө л у .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.14 N 515, 2009.11.19

№ 1 8 9 4 Қ а у л ы л а р ы м е н .

4. Осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес мемлекеттік тапсырыстардың тізімі бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктері Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісім бойынша 2009 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулыға 1 -қосымшаға сәйкес ауыз сумен жабдықтау, гидротехникалық құрылыстар, білім беру, денсаулық сақтау және мектепке дейінгі ұйымдар объектілерін салуға және реконструкциялауға бағытталған инвестициялық жобалар бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту туралы ш е ш і м д е р д і б е к і т с і н .

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2009 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде :

1) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың негізгі және айналым қаражатын толықтыруға қаржы институттары беретін кредиттер бойынша, жабдықтар лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын және ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін басқару жүйелерін субсидиялау;

2) осы қаулының 3-тармағының 13), 14), 15), 16), 18), 19), 20), 21) тармақшаларында көрсетілген облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану тәртібі туралы ережелердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне е н г і з с і н .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.24 N 389

Қ а у л ы с ы м е н .

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2009 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің заңды тұлғаларының тізбесі мен таратылған ведомстволарының салықтық және өзге де

берешегін өтеу көлемін заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының
Үкіметіне енгізсін.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, 2009 жылғы 1 маусымға дейін мерзімде 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылған қарыз алушыларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің талаптарын тоқтату туралы, "2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген актілерінің негізінде бұған дейін "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" акционерлік қоғамының теңгеріміне берілген кредиттер бойынша шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2009 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде осы қаулының 3-тармағының 1), 4), 24) тармақшаларында көрсетілген облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.24 N 389
Қ а у л ы с ы м е н .**

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісім бойынша 2008 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде 005 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялауға, Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмостұрақтылығын күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасы бойынша іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларды бөлу туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2009 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде осы қаулының 3-тармағының 2), 22), 23) тармақшаларында көрсетілген облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.24 N 389
Қ а у л ы с ы м е н .**

12. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:
2009 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде осы қаулының 4-тармақтың 3)

тармақшасында көрсетілген облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің ж о б а с ы н ;

2009 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде алушының зейнетақы төлеу құқығын иеленген сәтіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының нақты мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорларында міндетті зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша зейнетақы төлемдерін алушыларға мемлекет кепілдігі орындалуының тәртібі туралы шешімінің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.24 N 389 Қ а у л ы с ы м е н .

12-1. 2009 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттан өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мынадай іс-шараларды қаржыландыруға ағымдағы нысаналы трансферттерді және ағымдағы даму трансферттерін аудару үшін 117 404 644 мың теңге мөлшерінде сома бөлінсін:

мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді күрделі және ағымдағы жөндеуге, сондай-ақ білім беру объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуге - 36 897 836 мың теңге, оның ішінде мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне - 1138500 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне - 3830600 мың т е ң г е ;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне - 20 382 036 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне - 10068200 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне - 1 4 7 8 5 0 0 м ы ң т е ң г е .

33-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді күрделі және ағымдағы жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын, сондай-ақ Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомаларын б ө л у б е к і т і л с і н .

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне - облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және ұстауға, сондай-ақ салуға және қайта жанартуға 32792605 м ы ң т е ң г е ;

33-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын,

қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын, сондай-ақ облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін салуға және қайта жаңартуға берілетін ағымдағы даму трансферттерінің сомаларын бөлу бекітілсін.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне - кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға 4373700 мың теңге;

33-3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне - инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және дамытуға және қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға 43340503 мың теңге.

33-4, 33-5-қосымшаларға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын, сондай-ақ облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомаларын бөлу бекітілсін.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14 N 515, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.07.16 N 1074, 2009.09.18 N 1403, 2009.11.19 N 1894 Қаулыларымен .

12-2. 2009 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттан облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кадрларды даярлауға және қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару үшін 9737987 мың теңге мөлшерінде сома бөлінсін.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне 267702 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне - 9470285 мың теңге.

33-6-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының кадрларды даярлауға және қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін.

Ескерту. 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14 N 515, 2009.11.19 N 1894 Қаулыларымен .

12-3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, денсаулық сақтау министрліктерімен және

уәкілетті орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп:

2009 жылғы 20 сәуірге дейінгі мерзімде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру үшін аударылатын ағымдағы нысаналы трансферттерді және ағымдағы даму трансферттерін пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру үшін бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді және ағымдағы даму трансферттерін аударуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 12-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14 N 515 Қаулысымен .

12-4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Білім және ғылым министрліктерімен және уәкілетті орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға бөлінген қаражаттың мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 12-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14 N 515 Қаулысымен .

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ай сайын, есептіден кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне инвестициялық жобалар бөлінісінде осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы ақпарат берсін .

14. Жергілікті атқарушы органдар 2009 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде осы қаулыға 1-қосымшада көзделген ауыз сумен жабдықтау, білім беру, денсаулық сақтау және мектепке дейінгі ұйымдар объектілерін салуға және қайта жаңартуға арналған конкурстық рәсімдерді заңнамада белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін.

15. Орталық атқарушы органдар 2009 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

16-тармаққа өзгертулер қабылданған - ҚР Үкіметінің 2009.07.14 N 1067 (құпия) Қаулысымен .

1 6 . Қ ұ п и я .

17. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 18 желтоқсандағы

№ 1184 қаулысына

1-қосымша

2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.11.19 № 1894, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің, 2009.12.30 № 2260, 2009.12.30 № 2272, 2009.12.31 № 2317 Қаулыларымен.

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге				
1	2	3	4	5	2009 жылға	2010 жылға	2011 жылға	
								Әкімші
								Бағдарлама
								Кіші бағдарлама
Инвестициялық жоба								
Атауы								
1	2	3	4	5				
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	11 461 364	6 080 627	2 923 561				
	<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>							
104	<i>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі</i>		200 128	901 132				
	021	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Ахуал орталығын құру		200 128	901 132			
	<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>							
	Өзгелер							
	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Ахуал орталығын құру		200 128	901 132				
204	<i>Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі</i>	640 454	1 212 750					
	009	Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	640 454	1 212 750				

			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Біріккен Араб Әмірліктерінде (Әбу-Даби қаласы) Қазақстан Республикасы Елшісінің резиденциясы мен Елшіліктің әкімшілік ғимараты құрылысын салу	131 685		
			Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшіліктің әкімшілік ғимараты, тұрғын үй құрылысы және резиденцияны реконструкциялау	508 769	1 212 750	
217			<i>Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі</i>	9 251 341	4 286 540	1 975 814
	014		Кеден қызметін жаңғырту	590 318	423 109	423 404
		004	Сыртқы қарыздар есебінен	261 653		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Кеден қызметін жаңғырту	261 653		
	016		<i>Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен</i>	328 665	423 109	423 404
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Кеден қызметін жаңғырту	328 665	423 109	423 404
026			<i>Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу</i>	1 644 097	631 919	
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Ақтөбе облысы			
			Ақтөбе облысы "Қарғалы" кеден бекетінің инфрақұрылымын салу	19 851		
			Алматы облысы			
			Алматы облысы "Қорғас" кедені үшін инженерлік қамтамасыз етілген 3 қабатты 18 пәтерлік тұрғын үй (2 дана) құрылысы	111 359		
			Батыс Қазақстан облысы			
			Батыс Қазақстан облысында "Бірлік" бірыңғай бақылау рұқсатнамалық пункт құрылысы	200 000		
			Маңғыстау облысы			
			Маңғыстау облысы "Тәжен" бірыңғай бақылау-рұқсатнамалық пункт құрылысы	449 844	200 000	
			Маңғыстау облысы "Темір-Баба" бірыңғай бақылау-рұқсатнамалық пункт құрылысы	475 257	200 090	

		Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы кедендік ресімдеу орталығымен кедендік бақылау департаменті	200 000	231 829	
		Оңтүстік Қазақстан облысы			
		Оңтүстік Қазақстан облысындағы "Жібек-Жолы" рұқсатнамалық пунктін қайта жанарту	187 786		
	029	Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін құру	1 407 640	313 978	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Өзгелер			
		Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін құру	1 407 640	313 978	
	030	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	183 772	6 000	6 500
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Өзгелер			
		Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің ақпараттық жүйесін құру және дамыту	183 772	6 000	6 500
	031	"КААЖ" және "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру	616 976	500 000	500 000
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Өзгелер			
		"КААЖ" және "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру	616 976	500 000	500 000
	032	"Мемлекеттік меншік тізілімі" ақпараттық жүйесін дамыту	25 000		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Өзгелер			
		"Мемлекеттік меншік тізілімі" ақпараттық жүйесін дамыту	25 000		
	033	"Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	391 841	70 070	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Өзгелер			
		"Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	391 841	70 070	
	035	Қазынашылық объектілерін салу және реконструкциялау	80 755		

			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			<i>Алматы облысы</i>			
			Талдықорған қаласының қазынашылық ғимаратына құрылыс жалғастыру	80 755		
	036		Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	2 839 893	607 392	205 301
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	2 839 893	607 392	205 301
	040		Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	611 095	491 511	
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	611 095	491 511	
	055		Қаржылық бақылау жүргізудің ақпараттық жүйесін құру және дамыту	859 954	1 242 561	840 609
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Қаржылық бақылау жүргізудің ақпараттық жүйесін құру	859 954	1 242 561	840 609
220			<i>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі</i>	489 411	130 124	40 615
	003		Мемлекеттік жоспарлау саласындағы ақпараттық жүйені құру және дамыту	489 411	130 124	40 615
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Мемлекеттік жоспарлау саласындағы ақпараттық жүйені құру және дамыту	489 411	130 124	40 615
603			<i>Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі</i>	1 019 098	126 085	
	011		Мемлекеттік деректер базасын құру	210 850		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Астана қаласы			

			Е-лицензиялау мемлекеттік деректер негізін жасау	210 850		
	012		Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	400 660		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын жасау	400 660		
	013		"Government to Government", "Government to Consumer" қызметтерін көрсететін кешенді жүйе құру	99 778		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			"Government to Government", "Government to Consumer" қызмет көрсетудің кешендік жүйесін жасау	99 778		
	015		Қазақстан Республикасы ұлттық сәйкестендіру жүйесінің ашық кілттер инфрақұрылымын жасау	64 155		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			ҚР ұлттық теңестіру жүйесінің инфрақұрылымдық ашық кілттер жасау	64 155		
	016		"Электрондық үкімет" инфрақұрылымын қорғау жүйесін құру	102 455	126 085	
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			"Электрондық үкімет" инфрақұрылымының қорғаныс жүйесін жасау	102 455	126 085	
	018		"Электрондық үкіметтің төлем шлюзы" автоматтандырылған жүйесін құру	141 200		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			"Электрондық үкіметтің төлем шлюзы" автоматтандырылған жүйесін құру	141 200		
606			<i>Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі</i>	61 060	125 000	6 000
	003		Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру	61 060	125 000	6 000
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			

			Өзгелер			
			Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру	61 060	125 000	6 000
02			Қорғаныс	33 949 284	40 222 197	33 988 964
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
202			<i>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі</i>	27 174 223	18 778 000	15 000 000
	003		Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	27 174 223	18 778 000	15 000 000
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Ақмола облысы			
			Ақмола облысының Щучье қаласында 6 автокөлікке арналған өрт депосының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және салу	444 250		
			Ақмола облысының Щучье қаласында 6 автокөлікке арналған өрт депосының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және салу	442 150		
			Ақмола облысының Щучье ауданының Бурабай кентінде 6 автокөлікке арналған өрт депосының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және салу	431 969		
			Астана қаласы			
			Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын сулары жайылауынан қорғау	4 200 362	3 516 000	
			Астана қаласында 6 шығу жолдары бар өрт депосын салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу	14 000		
			Астана қаласында (Астрахан шоссесі) Тілендиев даңғылы бойынша 6 автокөлікке арналған өрт депосы ғимараттары кешенінің жобалау-сметалық құжаттарын пысықтау және салу	361 492	262 000	
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
			Оңтүстік Қазақстан облысының Сырдария өзенінде су тасқынына қарсы Көксарай реттеуші су қоймасын салу	21 280 000	15 000 000	15 000 000
208			<i>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі</i>	6 775 061	20 050 697	16 898 464
	003		Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	419 433	1 406 200	1 406 200
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Қарулы күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	419 433	1 406 200	1 406 200
	004		Қарулы Күштердің объектілерін салу	6 355 628	18 644 497	15 492 264

			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Қызмет бабында пайдалану үшін	6 355 628	18 644 497	15 492 264
678			<i>Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы</i>		1 393 500	2 090 500
	002		Республикалық ұлан объектілерін салу		1 393 500	2 090 500
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Астана қаласы			
			Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан бригадасының әскери қалашығын құру		1 393 500	2 090 500
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	10 872 467	13 977 962	10 332 657
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
201			<i>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</i>	1 165 459	4 337 145	4 289 165
	006		Ақпараттық жүйені дамыту	308 187	1 542 545	1 778 320
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			"ЖКО" автоматтандырылған ақпараттық-ізвестіру жүйесі		164 570	
			"Бақылау" автоматтандырылған ақпараттық-ізвестіру жүйесі	198 726	148 933	
			Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомствалық веб-порталын құру	109 461	177 600	
			Процессингті орталықтың жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды бейнебақылау мен белгілеудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бейнебақылау)		1 051 442	1 778 320
	007		Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік объектілерін салу, реконструкциялау	650 000	2 794 600	2 510 845
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Ақтөбе облысы			

			Ішкі әскерлердің Ақтөбе облысының Жем кентіндегі түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу		203 000	
			Астана қаласы			
			Астана қаласында Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне арналған тұрғын үйі бар үлгілік әскери қалашық салу	650 000	1 150 000	1 760 845
			Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана қаласындағы дипломатиялық өкілдіктерін күзету жөніндегі Полиция полкін орналастыруға арналған ғимараттар мен құрылыстар кешенін салу		300 000	750 000
			Жамбыл облысы			
			Ішкі әскерлердің Жамбыл облысының Тараз қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу		177 603	
			Қостанай облысы			
			Ішкі әскерлердің Қостанай облысының Степной кентіндегі түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу		549 607	
			Қызылорда облысы			
			Ішкі әскерлердің Қызылорда облысының Қызылорда қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу		188 786	
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
			Ішкі әскерлердің Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгер қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу		225 604	
	008		Деректер берудің спутниктік желісі мен телефонияны жаңғырту және дамыту	162 239		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Өзгелер			
			Деректерді беру мен телефонияның спутниктік желісін жаңғырту және дамыту	162 239		
	009		Мемлекеттік жоба 3	45 033		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Алматы облысы			
			Талдықорған қаласында Жедел басқару орталығын құру	45 033		

221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	1 918 445		
	004	Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу және реконструкциялау	1 918 445		
		оның ішіндегі инвестициялық жобаларға:			
		Алматы облысы			
		Алматы облысындағы Заречный кентінің ЛА-155/12 мекемесін қатаң тәртібіндегі түзету колониясы етіп салу және қайта жаңарту	904 700		
		Атырау облысы			
		Атырау қаласындағы "Лейла" ЖШС-нің өндірістік базасын әйелдерді түзету колониясына айналдырып қалпына келтіру	713 745		
		Алматы қаласы			
		Алматы қаласының Тергеу изоляторын қайта жаңарту және кеңейту	300 000		
410		Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	6 668 973	8 580 083	5 990 617
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	6 668 973	8 580 083	5 990 617
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Өзгелер			
		күпия	6 668 973	8 580 083	5 990 617
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	1 015 415	1 008 584	
	002	Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру		213 373	
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Өзгелер			
		Қазақстан Республикасы сот жүйесінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-аналитикалық жүйесін құру		213 373	
	006	Сот жүйесі органдарының объектілерін салу	1 015 415	795 211	
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Ақмола облысы			

			Ақмола облысының Целиноград аудандық сот негізінде сот орындаушылардың аймақтық учаскелерімен аудандық соттың типтік ғимаратын салу	276 008		
			Ақтөбе облысы			
			Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласында облыстық сот ғимаратын қайта жаңарту		100 000	
			Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласында облыстық сот әкімшілік ғимаратын кеңейту. Алқа билер үшін қосымша ғимарат салу	50 450		
			Алматы облысы			
			Алматы облысының Қаскелен қаласында Мақашев көшесі бойынша Қарасай аудандық сот ғимаратын салу	200 787		
			Алматы қаласы			
			Алматы қаласында Жетісу соты ғимаратына қондырма салу	156 287		
			Жамбыл облысы			
			Тараз қаласында Жамбыл облысы сотының әкімшілік ғимаратына 3 қабатты қосымша ғимарат салу	218 034		
			Қызылорда облысы			
			Қызылорда облысында Шиелі ауданының Шиелі поселкесінде 3 құрамды аудандық сотының әкімшілік ғимаратын салу	87 356		
			Маңғыстау облысы			
			Маңғыстау облысының Ақтау қаласында облыстық соттың әкімшілік ғимаратына қосымша ғимарат салу	26 493		
			Маңғыстау облысының Ақтау қаласында соттар әкімшісі мен әскери соттың 3 қабатты әкімшілік ғимаратын салу		100 000	
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
			"МАЭС"-пен біріккен Оңтүстік Қазақстан облысының аудандық соты негізінде сот орындаушылардың аймақтық учаскелерімен мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының типтік ғимаратын салу		595 211	
618			<i>Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)</i>	104 175	52 150	52 875
	003		Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру	104 175	52 150	52 875
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			

			Өзгелер			
			Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру	104 175	52 150	52 875
04			<i>Білім беру</i>	76 374 630	79 741 879	46 958 562
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
201			<i>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</i>		1 500 000	1 500 000
	013		Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау		1 500 000	1 500 000
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Алматы облысы			
			Алматы облысының Заречный кентіндегі әскери қалашығы бар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жауынгерлік және әдістемелік даярлығы оқу орталығының оқу орталығын салу		1 500 000	1 500 000
212			<i>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі</i>	20 686		
	007		Ауыл шаруашылығы саласындағы білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	20 686		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Астана қаласы			
			Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің техникалық факультетінің оқу ғимаратын салу	20 686		
225			<i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</i>	76 166 793	78 050 279	44 558 562
	004		Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	2 048	1 209 728	176 230
		004	Сыртқы қарыздар есебінен		524 864	84 440
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Ғылыми зерттеулерді коммерциализациялау жобасы бойынша инновациялық жүйелер желісін дамыту		524 864	84 440
		016	<i>Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен</i>	2 048	684 864	91 790
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Ғылыми зерттеулерді коммерциализациялау жобасы бойынша инновациялық жүйелер желісін дамыту	2 048	684 864	91 790

005		Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау	16 064 760	6 283 463	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Алматы облысы			
		Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласында көру қабілетінде проблемалары бар балаларға арналған 250 орындық мектеп-интернат салу	1 332 885		
		Атырау облысы			
		Атырау облысы Атырау қаласында мұнай-газ саласы үшін қызмет көрсететін және техникалық мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін 700 орындық өңіраралық кәсіби орталық салу	2 385 651		
		Шығыс Қазақстан облысы			
		Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында 700 орындық машина жасау саласы үшін техникалық қызмет көрсету және өңдеу саласындағы қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлауға арналған өңіраралық кәсіби орталығын салу	16 307	2 191 009	
		Алматы қаласы			
		"Қазақстан Республикасының орталық ғылыми кітапханасы" РМҚК ғимараттарының кешенін реконструкциялау	1 750 859		
		Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің университеттік қалашығының екінші кезектегі объектілерін салу	2 769 586		
		Алматы қаласы Гоголь көшесінде 161 мекен-жайында орналасқан "Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты" РМҚК 450 орындық жатақхана (студенттер үйін) салу	361 042		
		Астана қаласы			
		Астана қаласында дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат салу	299 289	306 950	
		Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнологиялар орталығын салу	2 275 586		
		Астана қаласында Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кітапханасын салу		1 575 920	
		Батыс Қазақстан облысы			
		М. Өтеміс атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университетінің 308 орынға арналған жатақханасын салу		369 541	
		Жәңгір-хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 560 орынға арналған жатақханасын салу		589 666	

			Қарағанды облысы			
			Қарағанды облысының Қарағанды қаласында көру қабілетінің проблемалары бар балаларға арналған 250 орындық мектеп-интернат салу	207 198		
			Маңғыстау облысы			
			Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің студенттер қалашығындағы инженерлік-техникалық институты оқу корпусының ғимаратын салу. 1, 2, 3, 4 корпустар	1 286 719		
			Павлодар облысы			
			Павлодар облысы Екібастұз қаласында отын-энергетика саласы үшін қызмет көрсететін және техникалық мамандарды даярлау және қайта даярлауға арналған 700 орындық өңіраралық кәсіби орталық салу	2 792 027		
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
			Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басты оқу корпусын салу	452 864		
			Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медициналық оқу корпусын салу	75 000		
			Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина мамандарына арналған 500 орындық жатақхана салу	15 000		
			Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында өңдеу саласы үшін қызмет көрсететін және техникалық мамандарды даярлау және қайта даярлауға арналған 700 орындық өңіраралық кәсіби орталық салу	44 747	1 250 377	
	012		Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	60 099 985	70 557 088	44 382 332
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			Ақмола облысы			
			Көкшетау қаласы Красный Яр ауылында 320 орындық балабақша салу			336 000
			Ақмола облысы Көкшетау қаласында 320 орындық балабақша салу	183 109		
			Ақмола облысы Көкшетау қаласында 1200 орындық Қазақстан Республикасы тұңғыш президентінің интеллектуалды мектебін салу	824 335		
			Ақмола облысы Целиноград ауданы Қосшы ауылында 320 орындық балабақша салу		371 280	

				Ақмола облысы Шортанды ауданы Шортанды кентінде 1200 орындық мектеп салу	311 881		
				Ақмола облысы Щучинск ауданы Щучинск қаласында 280 орындық балабақша салу		371 280	
				Ақмола облысы Степногорск қаласының Бестөбе кентінде 320 орындық балабақша салу		420 000	
				Ақмола облысы Целиноград ауданы Ильинка ауылында 320 орындық балабақша салу		371 280	
				Ақмола облысы Бұланды ауданы Вознесенка ауылында 140 орындық балабақша салу		160 000	
				Ақмола облысы Астрахан ауданы Астраханка ауылында 280 орындық балабақша салу		370 000	
				Ақмола облысы Көкшетау қаласында 600 орындық кәсіби-техникалық лицей салу		671 500	
				Ақмола облысы Аршалы ауданының Александровка ауылында 600 орындық орта мектеп салу	705 600		
				Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы Степняк қаласында 140 орындық балабақша салу		160 000	
				Ақмола облысы Ерейментау ауданы Ерейментау қаласында 320 орындық ұлттық балабақша салу	265 999		
				Ақмола облысы Целиноград ауданы Ақмол (Малиновка) ауылында 320 орындық балабақша салу	255 999		
				Ақмола облысы Есіл ауданының Есіл қаласында 420 оқушы орындық қазақ орта мектебін салу	22 495		
				Ақмола облысы Бұланды ауданы Макинск қаласында 600 орындық кәсіби-техникалық лицей салу		682 500	
				Ақмола облысы Целиноград ауданы Ақмола ауылында 200 орындық жатақханасы бар 300 орындық кәсіби-техникалық лицей салу		644 500	
				Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Қорғалжын ауылында 200 орындық жатақханасы бар 300 орындық кәсіби-техникалық лицей салу		644 500	
				Ақтөбе облысы			
				Ақтөбе облысы Хромтау қаласында 504 орындық орта мектеп салу	662 686		

				Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласында 600 орындық Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің интеллектуалды мектебін салу		427 716	
				Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Новый ауданында 320 орындық балабақша салу			399 500
				Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылында 280 орындық балабақша салу			371 280
				Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының 12 ауданында 320 орындық балабақша салу			399 506
